



Бекітемін

«№51 бебејай-бакшасы» КМКК мемгерушісі

Костанай қаласының білім болімі»

Әкімдіктің білім баскармасы

Костанай облысы

Маутова А. Ж.

24.05.2023 ж.

Ереже

сыбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс-қызмет туралы

Костанай облысы әкімдігі білім баскармасының "Костанай қаласы білім болімінін «№ 51 бебејай-бакшасы» КМКК.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ереже Казакстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа карсы іс-қымыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа карсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы № 112 бұйрығы.

2. Осы Үлгілік ереже квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс-қызметтердің функцияларын орындайтын құрылымдық бөлімшелердің немесе адамдардың максаттарын, міндеттерін, қағидаттарын, функцияларын, өкілеттіктерін айқындайды.

3. Квазимемлекеттік сектор субъектілері өз қызметінің ерекшелігін негізге ала отырып, осы Үлгілік ережені ескере отырып, сыбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс қызметтер туралы ережені бекітеді.

4. Сыбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс-қызметтер туралы ереже квазимемлекеттік сектор субъектісінің ресми интернет-ресурсында орналастырылады және барлық жұмысқерлердің назарына жеткізіледі.

5. Осы Үлгілік ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) сыбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс – квазимемлекеттік сектор субъектілері мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа карсы іс-қымыл жөніндегі заңнамасын сактауын камтамасыз ету жөніндегі функция;

2) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауга ықпал ететін себептер мен жагдайларды анықтау және зерделеу;

3) мұдделер қақтығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды аткаралын адамдардын, мемлекеттік функцияларды орындауға үәкілеттік берілген адамдардын, оларға тенестірілген адамдардын, лауазымды адамдардын жеке мұдделері мен олардын лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жагдайда аталған адамдардын жеке мұдделері олардын өз лауазымдық міндеттерін орындаудауына және (немесе) тиісінше орындаудауына алып келуі мүмкін;

4) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыйбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

5) сыйбайлас жемқорлық тәуекелі – сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауга ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

6) сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу жолымен сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауга ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

7) Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын орындаудың жауапты адамды квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысы айқындауды.

6. Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне негізгі міндеті осы үйымның және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы заңнамасын сактаудың қамтамасыз ету болып табылатын сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын орындаудың құрылымдық болімше немесе жауапты тұлға айқындалады.

Бұл ретте, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын орындаудың жауапты тұлға мұddeлердің ықтимал қақтығысы ескеріле отырып айқындалады.

7. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын орындаудың құрылымдық болімшени немесе жауапты тұлға квазимемлекеттік сектор субъектісінің директорлар кенесі, байқау кенесі (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органдың шешімімен, көрсетілген органдар болмаған жағдайда, квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысы айқындауды.

8. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз өкілеттіктерін квазимемлекеттік сектор субъектісінің атқаруышы органдынан, лауазымды адамдарынан тәуелсіз жүзеге асырады, директорлар кенесіне, байқау кенесіне (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органдына есеп береді және Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы заңнамасы талаптарының сакталуын қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады.

9. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке әдіснамалық колдауды сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі үәкілетті орган және оның аумактық бөлімшелері көрсетеді.

10. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функциясын квазимемлекеттік сектор субъектісінің басқа құрылымдық бөлімшелерінің функцияларымен ұштастыруға жол берілмейді.

11. Егер Заңмен, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл саласындағы халықаралық стандарттармен осы Улгілік ережеде көзделмеген сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті үйымдастыруға койылатын талаптар мен тәсілдер белгіленген жағдайда, осы талаптар мен тәсілдерді квазимемлекеттік сектор өзге де тәуелсіз басқару

органы, көрсетілген органдар болмаған жағдайда квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысы бекітеді.

**2-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа
қарсы комплаенс-қызметтердің мақсаттары, міндеттері, қағидаттары,
функциялары мен өкілеттіктері**

12. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің негізгі мақсаты квазимемлекеттік сектордың тиісті субъектілері мен оның қызметкерлерінің Қазакстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері:

1) квазимемлекеттік сектор субъектілері мен оның қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ескерту және алдын алу құралдарын енгізуін қамтамасыз ету;

2) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру;

3) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді қамтамасыз ету;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеу талаптарының және үздік халықаралық практиканың сакталуын қамтамасыз ету;

5) Занға сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимылдың негізгі қағидаттының сакталуын қамтамасыз ету;

14. Квазимемлекеттік сектор субъекті сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын енгізу және жүзеге асыру кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын орындау үшін бөлінетін өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;

2) басшылықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс тиімділігіне мүдделелілігі;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің акпараттық ашықтығы;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тауелсіздігі;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыратын мамандардың күзыреттерін үнемі арттыру.

15. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функциялары:

1) келесі күжаттардың әзірленуін қамтамасыз етеді:

квазимемлекеттік сектор субъектісінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимылының ішкі саясаты;

квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметкерлері үшін сыйбайлас жемқорлыққа карсы іс-кимыл жөніндегі нұсқаулық;

квазимемлекеттік сектор субъектілеріне мұдделер қақтығысын анықтау мен реттеудің ішкі саясаты;

сыйбайлас жемқорлыққа карсы іс-кимыл туралы заннамага сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт;

сыйбайлас жемқорлыққа карсы іс-кимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспары;

квазимемлекеттік сектор субъектісі қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа карсы заннаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар ету тәртібін регламенттейтін күжат;

корпоративтік әдеп пен мінез-құлық мәселелерін регламенттейтін күжат;

2) квазимемлекеттік сектор субъектілеріне сыйбайлас жемқорлыққа карсы саясаттың тиімділігіне қатысты ақпарат жинауды, өндеуді, корытууды, талдауды және бағалауды жүзеге асырады;

3) "Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазакстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа карсы іс-кимыл агенттігі Тेрагасының 2016 жылғы 19 казандығы № 12 бүйрығымен бекітілген сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 14441) сәйкес квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді үйлестіреді;

4) сыйбайлас жемқорлыққа карсы іс-кимыл жөніндегі уәкілетті органның және квазимемлекеттік сектор субъектісінің бірінші басшыларының бірлескен шешімі бойынша жүргізілетін квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдауға қатысады;

5) квазимемлекеттік сектор субъектісінде анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне және оларды митигациялау және жою бойынша қабылданатын шараларға мониторингті жүзеге асырады;

6) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыйбайлас жемқорлыққа карсы іс-кимыл және сыйбайлас жемқорлыққа карсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізеді;

7) квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметкерлері үшін сыйбайлас жемқорлыққа карсы оқыту семинарларын ұйымдастырады;

8) квазимемлекеттік сектор субъектісі қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа карсы іс-кимыл саясатын және корпоративтік әдеп пен мінез құлық мәселелерін сактауын бақылауды камтамасыз етеді;

9) квазимемлекеттік сектор субъектісінің ұжымында жалпы қабылданған моральдық-әдеп нормаларына сәйкес келетін өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдеседі;

10) сыйбайлас жемкорлықка карсы комплаенс-қызмет күзыреті шеңберінде мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың Занда белгіленген қаржылық бакылау шараларын және сыйбайлас жемкорлықка карсы шектеулерді сактауын қамтамасыз етеді;

11) квазимемлекеттік сектор субъектісінде күрылымдық бөлімшелерінің сыйбайлас жемкорлықка карсы іс-кимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспарын орындауды мониторинг әзірлейді және жүргізеді;

12) мұдделер қактығысын, оның ішінде квазимемлекеттік сектор субъектісін жұмысқа ориаластыру, сатып алу және бизнес-процесстер мәселелерін анықтау, мониторингілеу және реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;

13) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыйлыктар беру және алу мәселелерін реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;

14) контрагенттердің сенімділігін кешенді тексеруді жүзеге асырады;

15) квазимемлекеттік сектор субъектісіндегі сыйбайлас жемкорлық фактілері туралы өтініштер (шагымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізеді және / немесе оларға катысады;

16) квазимемлекеттік сектор субъектілеріне сыйбайлас жемкорлыққа карсы заннамадағы, сыйбайлас жемкорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерге мониторинг пен талдау жүргізеді;

17) квазимемлекеттік сектор субъектісінде күрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің сыйбайлас жемкорлыққа карсы шараларды іске асыру тиімділігіне бағалау жүргізеді;

18) сыйбайлас жемкорлыққа карсы іс-кимыл мәселелері бойынша квазимемлекеттік сектор субъектісінде күрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің ақпаратын түндайды;

19) квазимемлекеттік сектор субъектісін басшысына анықталған сыйбайлас жемкорлық тәуекелдерін жою, квазимемлекеттік сектор субъектісінде қызметтің ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін арттыру жөнінде ұсынымдар енгізеді;

20) квазимемлекеттік сектор субъектісі қызметтің ерекшелігіне қарай мундай функциялар тәуелсіздікке әсер етпейтін және мұдделер қактығысының түндаудына әкеп сокпайтын жағдайда комплаенс, іскерлік әден, орнықты даму және басқалар мәселелеріне байланысты функцияларды жүзеге асырады;

21) сыйбайлас жемкорлыққа карсы іс-кимыл жөніндегі уәкілетті органмен және мемлекеттік органдармен, квазимемлекеттік сектор субъектілерімен, қоғамдық бірлестіктермен, сондай-ақ өзге де жеке және занды тұлғалармен өзара іс-кимыл жасайды;

16. Квазимемлекеттік сектор субъектісін директорлар кенесінің, байқау кенесінің (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органының шешімімен көрсетілген органдар болмаған жағдайда, квазимемлекеттік сектор субъектісін басшысы

сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет басшысын тағайындауды жүзеге асырады және оның өкілеттік мерзімін, сыйакы мөлшерін және еңбекке ақы төлеудің шарттарын айқындайды.

17. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке жүктелген міндеттердің орындалуын және функциялардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

18. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет басшысының ұсынуы бойынша квазимемлекеттік сектор басшысының шешімімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметкерлерінің құрылымы, штат саны (сандық құрамы), өкілеттік мерзімі, жұмыс тәртібі және еңбегіне ақы төлеудің өзге де шарттары айқындалады және оларды тағайындау жүзеге асырылады.

19. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет басшысының және қызметкерлерінің функционалдық міндеттері, құқыктары мен жауапкершілігі лауазымдық нұскаулықтармен немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы ереженің негізінде әзірленетін қызметкердің қызметтік құқыктары мен міндеттерін айқындастын құжаттармен айқындалады және оларды квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысы бекітеді.

20. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы квазимемлекеттік сектор субъектісінің директорлар кенесіне, байқау кенесіне (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органына сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің құрылымы мен штат кестесі бойынша, көрсетілген органдар болмаган жағдайда, квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысына ұсыныс береді.

21. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің атынан квазимемлекеттік сектор субъектісінің басқа құрылымдық бөлімшелеріне, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ведомстволар мен ведомствоға бағынысты ұйымдарға жіберілетін құжаттар мен сауалдарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы қол қояды.

22. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы мен қызметкерлері комплаенс саласындағы уәкілетті органдар мен кәсіптік ұйымдар өткізетін оқыту іс-шараларына катысу арқылы үнемі кәсіби біліктілігін арттыруы кажет

23. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз қызметінің шенберінде:

1) квазимемлекеттік сектор субъектісінің құрылымдық бөлімшелерінен акпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын материалдарды сұратады және алады;

2) көрсетілген органдар болмаган жағдайда, квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысына директорлар кенесінің, байқау кенесінің (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органының қарауына олардың құзыретіне жататын мәселелерді шыгаруға бастамашылық жасайды;

3) ықтимал сыйбайлас жемкорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемкорлықка карсы іс кимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түсетін хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізеді;

4) квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшылары мен басқа да қызметкерлерінен қызметтік тергеу шенберінде жазбаша түсіндірмелер беруді талап етеді;

5) Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемкорлықка карсы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді және оларды сыйбайлас жемкорлықка карсы іс-кимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді;

6) өз күзыреті шегінде ішкі құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысады;

7) квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметкерлерінің квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыйбайлас жемкорлықка карсы заңнаманы бұзудың болуы немесе ықтимал мүмкіндігі туралы хабарлауы не квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыйбайлас жемкорлықка карсы іс-кимыл жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізу үшін акпараттандыру арналарын құрады;

24. Өз қызметін жүзеге асыру кезінде сыйбайлас жемкорлыққа карсы комплаенс-қызмет:

1) квазимемлекеттік сектор субъектісі және оның үлестес тұлғалары туралы акпараттың, сыйбайлас жемкорлыққа карсы комплаенс функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік акпараттың, егер онда дайындалып жатқан және (немесе) жасалған сыйбайлас жемкорлық құқық бұзушылық туралы деректер болмаса, құпиялыштың сақтайды;

2) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыйбайлас жемкорлыққа карсы іс-кимыл мәселелері бойынша сыйбайлас жемкорлықтың, корпоративтік Әдең кодексінің және өзге де ішкі құжаттардың бұзылуының болжамды немесе нақты фактілері бойынша жүгінген адамдардың құпиялыштың қамтамасыз етеді;

3) квазимемлекеттік сектор субъектісінің директорлар кеңесін, байкау кеңесін (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органын, ал көрсетілген органдар болмаган жағдайда, квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысын сыйбайлас жемкорлыққа карсы заңнаманы бұзудың болуымен немесе ықтимал мүмкіндігімен байланысты кез келген жағдайлар туралы уақытылы хабардар етеді;

4) сыйбайлас жемкорлыққа карсы іс-кимыл жөніндегі уәкілетті органның назарына белгілі болған дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыйбайлас жемкорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы хабарлайды;

5) квазимемлекеттік сектор субъектісінің белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмейді;

6) қызметтік және кәсіби этиканы сақтайды.

25. Сыйбайлас жемкорлыққа карсы комплаенс-қызметтің қызметкерлеріне:

- 1) алдыңғы үш жыл ішінде олар катысқан процестерді тексеруге катысуға;
- 2) тексерудін байтараптығына нұксан келтіретін немесе осындай зиян келтіретін ретінде қабылданатын кез келген әрекетке катысуға;
- 3) құпия аппаратты жеке мұддеге пайдалануға;
- 4) іскерлік этика нормаларын бұзуға;
- 5) нәтижесінде сыйайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігіне, объективтілігіне және байтараптылығына нұксан келтіруі мүмкін не осындай залал келтіретін ретінде қабылдануы мүмкін сыйлыктарды қабылдау және көрсетілетін қызметтерді пайдалануға;
- 6) мұдделер қактығысына әкелуі мүмкін тексерулерге, қызметтік тергеулерге және басқа да іс-шараларға катысуға болмайды.

26. Квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшылығы:

- 1) сыйайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметін жүзеге асыру үшін тиімді орта құруга жәрдемдесу, оның мақсаттарын, міндеттерін, функциялары мен міндеттерін орындауға, құқықтарын іске асыруға жәрдемдесуі;
- 2) сыйайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметтің әкімшілік (ұйымдық-техникалық) қамтамасыз етуі жүзеге асыру, оның ішінде ақпараттық жүйелер мен косымшаларды (қажетті дереккорларға қолжетімділікті) және өзге де тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді коса алғанда, оның қызметі үшін қажетті мүмкіндіктермен, активтермен және ресурстармен қамтамасыз етуі;
- 3) сыйайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы мен қызметкерлеріне сыйайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметі, әлеуметтік және коммуникациялық дағылар мен күзыреттер мәселелері бойынша оқыту және сертификаттау мүмкіндіктерін беруі қажет.

27. Сыйайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің квазимемлекеттік сектор субъектісінің құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-кимылы жұмыстағы өзара сыпайылық пен дұрыстық негізінде құрылады.

28. Квазимемлекеттік сектор субъектісінің құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері сыйайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты ұсыну;

- 1) осы Үлгілік ереженің 14-тармағы 1) тармакшасында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, сыйайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты ұсыну;
- 2) анықталған тәуекелдер мен бұзушылықтарды объективті талқылау;
- 3) туындастын мәселелер мен проблемаларды бірлесіп шешу.

**3-тaraу. Сыйайлас жемқорлыққа
қарсы комплаенс-қызметтердің есептілігі**

29. Сыйайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет квазимемлекеттік сектор субъектісінде қабылданған сыйайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша ақпаратты

токсан сайын сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі уәкілетті органның сұрау салуы бойынша квазимемлекеттік сектор субъектілеріне қабылданған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша қосымша ақпарат жібереді.

30. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысына мерзімді түрде есеп береді.

Квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысы тарарапынан ықтимал сыйбайлас жемқорлық күкүйе бұзушылықтары туындаған жағдайда сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет Занының 24-бабы 1-тармағына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгінеді.